14-23 наурыз аралығы «Наурызнама» Наурыз мейрамын мерекелеудің жоспары құрылды. Мақсаты: Балаларды көктемгі "Наурыз" мерекесімен таныстыру; қазақ халқының салт-дәстүрлеріне деген қызығушылықты арттыру; Отанға деген сүйіспеншілікті, түрлі ұлт өкілдеріне деген құрметті тәрбиелеу. 14 наурызда «Көрісу күні – Амал мерекесі» ұйымдастырылды. Мектеп парламенті таңертең мектепке кірген балаларды, ұстаздарды құрмет көрсетіп қарсы алды. Мектеп оқушыларын Амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру мақсатында, барлығына Көрісу күні туралы ақпарат таратылып, үзілістерде әрбір сыныпқа кіріп қызықты ақпаратпен бөлісіп, гүлшоқтарын сыйға тартты. Мерекелік іс-шара барасында жақсы тіліктер айтылды, үлкендер батасын берді.

14-21 наурыз аралығында мектепте Ұлттық киім апталығы өтті. Барлық сынып оқушылары, мектеп ұжымы бір апта ұлттық киіммен жүрді. 15 наурыз жоғарғы сынып оқушылары «Қайырымдылық игі істер» марафонына ат салысты. 16 наурыз «Мәдениет және ұлттық салт – дәстүр күні» аясында сыныптарда мәдениетті, өнерді және ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында салт дәстүрлерімізді, жоралғылар жасалды. «Шаңырақ» күні аясында "Алтын шаңырақ, күміс кереге" іс - шарасы өткізілді. Мектебіміздің қадірлі қонағы болып Дүки қанат ағайдың отбасы шақырылды. Қазаққа қара

шаңырақ киелі ұғым болғандықтан, халқымыз шаңырақты әрдайым қастерлеп өткен. Сол себептен отау құрғандарына 33 жыл толып отырған Қанат ағай мен Қаршыға апайдан сұхбат алынды. Балалары, немерелері домбыра шертіп, ән айтып өз өнерлерін көрсетті.

Барлық сыныптарда , «Жаңару», «Ұлттық спорт», «Ынтымақ», «Жыл басы», «Тазару» атты іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушылар белсенді ат салысты. Өткізілген іс-шаралардың бейнеролигі әулеуметтік желіге салынды. Наурыз мерекесіне арналған “Күй күмбірі” республикалық домбырашылар челленджіне мектебіміздің оқушылары қатысты. Оқушыларымыз халық күйі “Тепен көк” күйін орындады. Челлендж мақсаты-білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, балалардың домбырада ойнау өнерін насихаттау.

Мектебімізде наурыз айының 26 -29 аралығында оқушылардың демалысын, бос уақытын ұйымдастыру барысында жоспар құрылып бекітілді. Каникул алдында сынып жетекшілер оқушыларды қауіпсіздік ережесімен таныстырды. Көктемгі демалысын өткізудің мақсаттары:

Көктем демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру; Балалардың денсаулығын және іс-қимыл күштерін нығайту. Жоспар бойынша келесі іс шаралар өткізілді:

«Спорттық белсенділік күні» аясында «Ұлттық ойын – ұлт игілігі» атты іс -шарада оқушылар белсене қатысып, ұлттық отбасымен ұлттық ойын ойнау бейнеролигін жіберді. «Оқу және жазу мәдениеті» тақырыбында балалар отбасы мүшелерімен бос уақыттарында бірге кітап оқыған фотосуреттерін жіберді. «Кино күні» атаумен онлайн фильмдерді қарау, содан кейін ұжымдық талқылау іс-шарасы ұйымдастырылды. "Мұражай тарихы күні" аясында мұражайға саяттау немесе Қазақстан рәміздері бойынша бейне-экскурсиялар ұсынылды. Іс-шаралар жоспарына мектептің барлық сынып оқушылары қамтылды. 1-11 сынып оқушыларының демалысын қызықты өткізуге сынып жетекшілер , мұғалімдер, оқушылар, ата -аналар мен аға тәлімгерлер ат салысты. Барлық өткізілген іс- шаралар мектеп сайтына, инстаграмм әлеуметтік желісіне салынды.

«Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының тұжырымдамасы негізінде мектебімізде сәуір айының 1-5 күні аралығында оқушылар арасында “Шахмат ойнау” челленджі өтті. Мақсаты: қазақстандық патриотизмді, ұлттық бірегейлікті, әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру, оқушыларды өз халқының мәдени дәстүрлерімен, көпұлтты мемлекетте жалпы адамзаттық құндылықтармен таныстыру.

29 сәуір 24 мамыр аралығы «Мамыр - ынтымақ айы» айлығына жоспар құрылды. 29 сәуір барлық сыныптарда «Ұлттар достастығы» сынып сағаттары өтті. 3 мамыр «Таза Қазақстан» челленджі ұйымдастырылды. 11 сынып оқушылары мектеп ауласына ағаш отырғызды. Мақсаты оқушыларды әлеуметтік, қоғамдық тәрбиеге баулу. 5-9 сынып оқушылары және мектеп ұжымы мектеп ауласына сенбілікке шықты. 6 мамыр «Халық қаһарманы, қазақтың батыр ұлы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл» сынып сағаттары өтті. 10 мамыр «Игі істер» акция барысында мектебіміздің оқушыларынан құралған «Еріктілер тобы» ардагер ұстазымызға көктемгі дала жұмыстары мен ауладағы тазалық жұмыстарына көмек көрсетті. Ауладағы көктемгі тазалық жұмыстарын жасап, көктемгі жұмыстарға көмек қолын созғаны үшін ардагер ұстазымыз оқушыларға үлкен ризашылығын білдіріп, өзінің ақ батасын берді. 17 мамыр «Каникулда кітап оқиық» буккроссинг акциясы өтті. Мектеп оқушылары мен мұғалімдердің

арасында кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Буккроссинг» акциясы өткізілді. Аталмыш алмасу акциясына оқушылар өздерінің қалаған кітаптарын алып келіп, орнына әкелген кітаптарын бір-бірімен алмасты. «Буккроссинг» акциясына біздің мектептің ұстаздары мен оқушылары белсенді түрде қатысып, өз үлестерін қосты. Сондай -ақ, балалар өзінің оқыған қызықты кітаптарын «Буккроссинг» сөрелеріне қойып, орнына сол сөреден өзі оқымаған кітапты алып кетуі арқылы достарымен бөлісті.

Мамыр айының 23-і күні мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Қарастырылған мәселелер:

- 1.2023-2024 оқу жылын қорытындылау, жұмыс нәтижесі;
2. Білім алушыларға “Қазақ тілі” және “Қазақ тілі мен әдебиеті” пәндерінен 5-8, 10 сыныптарда аралық аттестаттау өткізу тәртібі;
3. 9,11 сынып оқушыларын мемлекеттік аттестаттау өткізу тәртібі.
4. “Мемлекеттік қызмет көрсету”;
5. Жаз мезгіліндегі балалар қауіпсіздігі;

Білімді ұрпақ – елдің гүлденуіне, экономикасының дамуына, мәдениеті мен ғылымының өркендеуіне үлес қосады. Осыған орай 24 мамыр «Білімім - Отаныма» атты тақырыпта барлық сыныптарда ашық сынып сағаттары өтті. 9, 10 сынып оқушылары «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында эссе жазды.

25 мамыр мектеп түлектеріне "Мектебім, саған мың алғыс!" атты соңғы қоңырау салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиынның қонағы болып, облыстық білім бөлім басшысы Шоқан Жетпісбайұлы және Білім бөлім басшысы Қанат Есенбекұлы, білім ордамыздың алғашқы директоры Ауғамбаев Ақылжан Қарақойшыұлы, оқушылардың алғашқы ұстазы Назиран Мектепхан қатысты.

Жиын мектебіміздің директоры Оксана Хакимовнаның құттықтау сөзімен басталып, жас түлектердің вальс биі мен "Қош бол, мектебім" әнімен аяқталды. Сөз соңында, Шоқан Жетпісбайұлы барлық ата-аналарға үш ауысымды мектеп, бала саны көп болған кездегі төзімділік пен шыдамдылық танытып, сапалы білім беру барысындағы қолдаулары үшін алғыс айтты.

Жоспарға сай тәрбие жұмыстары жүргізілді, барлық ұлттық құндылыққа бағытталған іс-шаралар жүзеге асты. Іс-шараға 1-11 сынып оқушылары мен мектеп ұжымы түгел қамтылды. Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланып отырды.

Үйірме жұмысы

Биылғы 2023-2024 оқу жылында «Волейбол», «Теннис», «Шахмат», «Асық ату», «Футбол», «Шаңғы» сияқты секциялар мен «Домбыра», «Хореография», «Дебат», «Хор» үйірмелер өз жұмыстар жүргізіп отыр.

Әр спорттық секциялар және үйірмелер толық оқушымен қамтылған. Өткізу уақыты дүйсенбіден жұма күні аралығында, бекітілген график бойынша өтізіледі. Үйірмелер мен спорт секцияларына қатыса отырып, балалар бос уақыттарын жеке тұлғаны дамыту үшін оң мақсатта пайдаланады. Оларға мектеп спорт залы, мектеп кабинеттері, стадион ұсынылды. Секция мен үйірмелер жұмысы бір жылға арналған бағдарламалар мен тақырыптық жоспарлар бойынша атқарылады.

№	Спорттық секция атауы	Уақыты	Жетекшісі	Өтетін орны
1	Волейбол (қыздар)	Сейсенбі, бейсенбі 19.30-21.00	Шакимов Б.	№2 спорт зал
2	Волейбол (ұлдар)	Сәрсенбі, жұма 19.30-21.00	Муханбетжанов Ж.А.	№2 спорт зал

3	Асық ату	Сейсенбі, жұма 19.00-20.30	Шералы А.Р.	Кіші зал
4	Теннис	Дүйсенбі, Сәрсенбі 19.00-20.30	Жанузах С.	Кіші зал
5	Футбол	Дүйсенбі, сәрсенбі, 19.30-21.00	Сәрсенбаев Е.К.	№1 спорт зал
6	Футбол	Сейсенбі, жұма 19.30-21.00	Имандилдинов Д.К.	№2 спорт зал
7	Шахмат	Дүйсенбі, жұма 13.00-14.00	Байжанов Т.Е.	Сынып кабинеті
8	Шахмат	Сәрсенбі, жұма 13.00-14.00	Омаров К.Б.	Сынып кабинеті
9	Шаңғы	Қысқы уақытта	Есембаев А.Т.	Стадион
10	Баскетбол	Дүйсенбі, бейсенбі 19.30-21.00	Ильясов М.М.	№1, №2 спорт зал
11	Хореография	Сейсенбі, Бейсенбі 10.30-12.00 14.30-16.00	Қалыбаева А.Б.	Би залы
12	Хор	Сейсенбі, сенбі 12.00-15.00	Толеубаева Р.Т.	Акт зал
13	Домбырашылар ансамблі	Бейсенбі, жұма 12.30-14.30	Ізгілеуов Д.Б.	Акт зал
14	Дебат	Бейсенбі Кіші топ	Аралбаева А.Ы.	342 каб
15	Дебат	Жұма Жоғарғы топ	Мұханбетқали А.Н.	342 каб

Өткен 2022-2023 оқу жылымен салыстыратын болсақ, мектептегі үйірме саны азайды. Мектепшілік есепте тұрған оқушылар толық үйірмемен қамтылған. Үйірме оқушылары қалалық, облыстық жарыстарға қатысып, нәтижелерін көрсетіп жүр. Жыл соңында мектеп оқушыларының спорттағы жетістіктері төмендегідей болды:

Асық ату:

Төрт тоқсан – төрт өнер ұлттық мәдени ағартушылық жоба аясында өткізілген қалалық асық ату жарысында мектебіміздің оқушылары Орынбасар Жасулан, Асилхан Канат, Абдулла Бекнур I орынға ие болды. Дәл осы аталған оқушылар қалалық «Жастар» XXVII спартакиадасында жүлделі II орын алды. Қалалық 5-8 сынып оқушылар арасында өткен жарыста Амантай Нариман, Әбдібек Мансұр және Мерден Санжар I орын алып, облысқа жолдама алды. Үйірме жетекшісі Шералы Ақсұлтан Раланұлы.

Волейбол қыздар:

Қалалық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес қараша айында өткізілген қалалық 7-11 сынып қыздар арасында өткен жарыста мектебіміздің волейбол қыздар командасы III орын алып, 9 «Б» сынып оқушысы

Ерік Айым «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды. Желтоқсан айында өткізілген қалалық жарыс нәтижесі бойынша 7 «Г» сынып оқушысы Макат Аяна «Үздік шабуылдаушы» номинациясымен марапатталды. Ақпан айында 7-11 сынып оқушылар арасында өткізілген қалалық «Жастар-2024» XXVII спартакиадасында мектеп командасы III орынға иеленді. Наурыз айында 9-11 сынып оқушылар арасында өткізілген «Жастар-2024» XXVII спартакиадасына облысқа іріктеу жарысында мектеп командасы III орын алды және 9 «Ә» сынып оқушысы Сахан Айман «Үздік ойыншы» және

10 «Б» сынып оқушысы Жалғасбаева Айниса «Үздік байланыстырушы» номинациясымен марапатталды. Үйірме жетекшісі Шакимов Берік, жыл ішінде 3 команда құрып, командалармен жаттығу жасап жүр.

Шахмат:

«Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасы аясында, 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген облыстық шахмат ойынынан мектеп оқушылар командасы жүлдері ІІ орынға ие болды. Команда құрамында Молдабеков Арлан, Казтаев Ернат, Сағынтай Жаслан, Байбусина Жасмин. Молдабеков Арлан 9 сынып оқушысы Астана қаласында өткен жарыста І орын алды. Степногорск қаласында жасөспірімдер арасында өткен чемпионатта Молдабеков Арлан І алды. Қалалық 7-8 сынып оқушылары арасында өткен жарыста шахматтан жалпы нәтиже бойынша оқушыларымыз ІІ орын алды.

8 сынып оқушысы Серікқазы Нұралы облыстық жарыста І орынға ие болды. Облыстан Республикаға жолдама алып, үздік 10дықтар қатарына енді.

5-6 сынып оқушылары арасында өткізілген қалалық жарыста мектебіміздің оқушылары командалық 3 орын алды. Үйірме жетекшісі Байжанов Төкен Еркебуланович.

Футбол:

Мектепшілік жоспарға сай «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» атты өткізілген жарыста оқушыларымыз І орын алды. Команда құрамында:

Өмірзақ Қайсар, Жакашев Мейржан, Паманша Нұрмұхаммед, Манукян Баграм, Рыскулов Нурали, Сайдиганиев Алишер, Кайкбасов Амир, Темірбай Досымжан, Бегімбет Нұрмұхаммед, Исан Нұрислам.

9-11 сыныптар арасында өткен қалалық «Жастар-2024» XXVII спартакиадасында команда ІІІ орынға ие болды. Команда құрамында:

Хамит Таңсар, Ақылбеков Тимур, Валихан Әділет, Аманжол Әли, Қалдыхан Шыңғыс, Қадыр Ерасыл, Мамай Санжар, Арыстан Мухамеджан. Мамыр айында 7-8 сынып оқушылар арасында ұйымдасырылған жарыста мектебіміздің командасы І орын жеңімпазы атанып, облысқа жолдама алды. Облыстан ІІ орынға ие болды. Абильдин Мадияр «Үздік қақпашы» номинациясымен және Салимов Еркебулан «Үздік шабуылшы» номинациясымен марапатталды. Үйірме жетекшілері Сарсенбаев Ерлан Кунжигитович және Имандилдинов Дархан Калимуратович.

Жеңіл атлетика:

Мамыр айында өткен жарыста қыздар арасында 9 «Д» сынып оқушысы Батырбай Гульжанат ядра лақтырудан ІІ орын алды. Ұлдар арасында 11 «А» сынып оқушысы Кадирбек Рамазан ядра лақтырудан ІІ орынға ие болды.

9 «Д» сынып оқушысы Ыбырай Аспендияр 100 метр және 800 метр жүгіруден ІІ орын алды. Қыздар арасында 11 «Ә» сынып оқушысы Оразбаева Амаль 1500 метр жүгіруден І орын жеңімпазы болды. Жетекшісі Байжанов Төкен Еркебуланович.

Теннис:

Қазан айында қалалық 9-11 сынып оқушылар арасында «Жастар-2024» XXVII спартакиадасының бағдарламасына сәйкес өткен үстел теннисі жарысынан мектебіміздің оқушылары Амирхамзин Али және Зұлфайдаров Дінмұхаммед ІІІ орын алды. 7-8 сынып оқушылар арасында «Жастар-2024» XXVII спартакиадасының бағдарламасына сәйкес өткізілген қалалық жарыста оқушыларымыз үздік ойын көрсетті. Үйірме жетекшісі Жанұзах Сапаржан.

Шаңғы:

Қалалық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес қаңтар айында 5-11 сынып оқушылары арасында «Жастар-2024» XXVII спартакиадасында «Шаңғы шақырады» қалалық жарыстан мектебіміздің оқушылар командасы ІІІ орын алды. Жетекшісі Есембаев Анет.

Хор:

Қараша айында мектебіміздің «Ән қанат» балалар хоры республикалық байқауға қатысып, I орын алды. Сонымен қатар, «Ән қанат» ансамблі II орынға ие болды. Наурыз айында халықаралық «Бала шабыты» ән байқауына оқушыларымыз Бас жүлдеге ие болды. Жетекшісі Төлеубаева Роза Тыныштыковна.

Хореография:

Мектебіміздің «Кәусар» би ансамблі наурыз айында халықаралық фестивальге қатысып, Бас жүлдеге ие болды. Сәуір айында «Ақмола жұлдыздары» қалалық іріктеу байқауында биші қыздарымыз I орын алып, облысқа жолдама алды. Жетекшісі Қалыбаева Асель Бахытқызы.

Дебат:

Мектебімізде кіші лига және жоғарғы лига қазақ тілінде дебат клубы жұмыс жасайды. Қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес әр тоқсан сайын, қаламыздың әр мектептерінде оқушылар арасында турнир ұйымдастырылып жүр. Наурыз айында өткізілген қалалық пікірсайыс турнирінде мектебіміздің жоғарғы лига оқушылары II орынға ие болды. Топ құрамында Акжигитова Наргиз, Мекенбай Аяулым, Марқабай Мадина, Мералы Айару, Айдарқызы Шынар, Жолгазина Зере, Құрал Диана.

Мамыр айында «Туған өлкем» фестивалі аясында 7-8 сынып оқушылары және 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген «Экология және жер» атты пікірсайыс қалалық турнирінде «Сөз мерген» кіші лига оқушылары I дәрежелі дипломмен марапатталды. Топ құрамында Жеңіс Табиғат, Орынбасар Әжігүл, Ақманова Медина. Жетекшісі Аралбаева Асима Ықыласқызы. Және «Зияткер» жоғарғы лига оқушылары III дәрежелі дипломмен марапатталды. Топ құрамында Акжигитова Наргиз, Марқабай Мадина, Орынбай Махаббат. Жетекшісі Мұханбетқали Аяжан Нығметжанқызы.

2023-2024 оқу жылында үйірме жұмыстары өз уақытысында кестеге сай өткізіліп, талапқа сай жүргізілді. Үйірме жұмысы өз нәтижесін көрсетті. Осы үйірмелер арқылы, оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, іскерлік дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізіп жатыр.

№	Жалпы оқушы саны	Жалпы үйірмеге қатысушылар саны	Секцияға қатысушылар саны
1	Оқу жылының басында - 2347	2112 оқушы	1056 оқушы
2	Пайыздық көрсеткіш- 99%	90 %	50%

Мектептің кітапхана жұмысы

Мектеп кітапханасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 11.07.2016 жылғы №391 бұйрығы, 19.01.2016 жылғы №44 және № 91 бұйрықтарын басшылыққа алып, сонымен қатар мектеп кітапхана ісі туралы типтік ережесі негізінде жұмыс жасайды.

Негізгі мақсаты:

Оқушыларды кітап оқуға тарту, қызығушылығын арттыру. Әдебиеттерді оқуға үйрету арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, тілін байытып, білімге деген ізденістерін қалыптастыру. Балалардың кітап оқуға деген ынтасын көтеру, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Кітапханада анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету.

Қыркүйек айында барлық сыныптарға оқулық таратылып берілді. Жалпы мектеп тарапынан 100% оқулықпен қамтылды. Ата-ана қамқорынсыз қалған, жетім, көпбалалы, әл-ауқаты төмен балалар оқулықпен 100% қамтылды.

Кітапхана қоры ББК жіктеуімен орналасқан. Кітапханада 2280 оқырман кітап алып оқиды. Кітапханада тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылған. Әр жаңа оқу жылының басында оқырмандарды қайта тіркеу жүргізіледі. Тіркеу номері оқырманның формулярына түсіріледі.

Алған кітабының бірінші бетіндегі жапсыру парағына оқырман номері жазылып, кітапты қайтару күні белгіленеді. Оқырмандардың алған кітаптары сала бойынша бөлініп, күнделікке түсіріледі. Айдың соңында кітапханаға келген оқырман саны есептеледі. Оқырмандарға үнемі қызмет көрсетіледі. Кітап тандау жағдайында кеңес беріледі.

Мектеп кітапханасының кітап қоры

Барлығы (оқулықтар, көркем әдебиет, әдістеме құралдар, журналдар) - 71861

Оның ішінде:

Оқулықтар - 67467

Көркем әдебиет, әдістеме құралдар, журналдар - 4394

Электронды оқулықтар – 32

Қазақ тіліндегі оқулықтар - 57639

Оқулықпен қамтылуы – 100%

Оқырмандар саны – 2280

Оқулықпен қамтылуы туралы мәлімет

Сынып	Оқушы саны	Қамтылуы
1	221	100
2	164	100
3	210	100
4	118	100
5	200	100
6	64	100
7	56	100
8	221	100
9	164	100
10	210	100
11	118	100
Барлығы	2347	100

Мектеп қабырғасында оқып жатқан жеткіншектер үшін мектеп кітапханасының рөлі үлкен. Оқулықтардан басқа балалардың білімін, қызығушылығын арттыратын кітаптар: көркем әдебиет, энциклопедиялар, анықтамалар, сөздіктер, тағы да басқа сала бойынша кітаптар бар.

2020 -2025 жылдарға арналған білім беру ұйымдары кітапханаларын стратегиялық дамыту бойынша Жол картасы жобасын іске асыру болатын, негізгі бағыты - «Оқуға құштар мектеп» жобасы. «Балалар кітапханасы» бағдарламасы 2023 жылғы 17 маусымда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде әзірленді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту (12.12.2023 ж.№368), Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат (12.12. 2023 ж. №511-НҚ), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім (15.12.2023 ж.№633) министрлік-терінің бірлескен бұйрығы жолданды.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасын жүзеге асыру мақсаты: Қорды және мектеп кітапханалары қызметінің мазмұнын жаңарту арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру және оқу құзіреттілігін дамыту.

Бағдарламаның негізінде – әр түрлі кезеңдер мен көркем әдебиет жанр-ларын қамтитын ұсынылған кітаптар тізіміне сәйкес, кітапханалардың негізгі қорын жаңарту шаралары қарастырылады.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасын жүзеге асыру тапсырмалары: -
ұсынылатын әдебиеттер тізіміне сәйкес ескірген әдебиеттерді жаңасына кезең-кезеңімен ауыстыру, мектеп кітапханалық қорларын жаңарту; - мектеп кітапхана қызметін цифрландыру, барлық әдебиеттерді есепке алуды автоматтандыру; (Жүзеге асыру мерзімдері: 2024-2026 ж.ж.)

Оқырмандарға кітапхана есігі әрдайым ашық, кітапхана – мәртебесі биік киелі шаңырақ. Осы орайда «*Оқуға құштар*», «*Балалар кітапханасы*» бағдарламасы аясында көпшілік жұмыстар ұйымдастырылып өтуде.

Қыркүйек айында кітапханалар жұмысын оңтайландыру мен өскелең ұрпақтың кітап оқу сауаттылығын арттыру мақсатында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Құрылтайда айтқан сөзі қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін және жанрларын қамтитын көркем кітаптар барлық балаға қолжетімді болуы керек. Осы орайда «*Балалар кітапханасы*» атты тақырыпта ашық кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кітап көрмеге 67 дана қазақ және әлемдік көркем әдебиет, ертегілер ұсынылды. Осы бағытта жұмыс атқару мақсатында жоспар құрылды.

28 қыркүйек **«КІТАП – ең сабырлы ұстаз»** атты кітапханалық сағат өткізілді. Сабактың мақсаты: білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқулықтарды күтіп ұстауға үйрету. Кітапханашы өз сөзінде қай елдің, қай халықтың болмасын оның мәдени деңгейі һәм сауаты кітаппен байланысты, себебі кітап білім бұлағы. 21 ғасырда кітапсыз өмір сүру мүмкін емес екендігі көзі қарақтыға мәлім, әр адам кітап бетін ашқан сайын жаңа құндылықтарды үйренеді деп ақпаратпен бөлісті. Шара барысында оқушылар кітаптың шығу тарихымен, алғашқы кітаптар жайында кітап оқудың және кітаптардың шығу тарихы туралы мағлұмат алды. Оқушылар кітап туралы көптеген тақпақтар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер айтты.

4 қазан күні **«Білім менен тәрбие – биікке апарар қос қанат»** ақпарат сағаты өткізілді. Мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, оқушылардың азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ақпарат сағаты кітапханашының «Бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі оны қоршаған ортаға, әсіресе отбасы мен ұстаздар қауымының парасаттылығына байланысты. Мемлекетімізде қазіргі таңда сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды рухани – адамгершілікке тәрбиелеудің де зор қажеттігі туындап отыр» атты сөзімен басталды. Оқушылар қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық, ұлттық, отбасылық, еңбек, экономикалық және экологиялық, рухани-адамгершілік тәрбие басым бағыттарымен танысты.

Шара қорытындысы ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі, сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз деп кітапханашының сөзімен аяқталды.

6 қазан күні **«Оқы, көр, әлемді таны»** атты ойын-саяхат өткізілді. Мақсаты: Ойын арқылы оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру, ойлау қабілетін, жылдамдықты, зеректікті қалыптастыру, оқушылар арасында достық, ынтымақтастық, адамгершілік тәрбиелеу.

Кітапханашы өз сөзінде «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп Абай атамыз айтқандай, адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші. Бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған басты мақсат – білімді ұрпақ тәрбиелеу жайында айтып өтті.

Саяхат-ойынында оқушылар «Асық ату», «Мергендер», «Өнерлілер», «Ертегілер еліне саяхат», «Елтілер мен күштілер», «Суретшілер», «Ойлап тап» бекеттерінде тапсырмалар мен сұрақтарға жауап беріп, тапқырлықтары мен ой-ұшқырлықтарын көрсете отырып, тартысты сайыс көрсетті.

Балалар кезекті рет кітапхана - сүйікті әдеби кейіпкерлерімен уақытты қызықты өткізетін, сүйікті кітапшасын табатын және әрдайым қуанышқа толы орын екенін көздері жетті.

Шара соңында оқушылар кітап көрмелерімен танысты.

11 қазан күні 9-10 сынып оқушыларына **«Абай -қазақтың шамшырағы»** атты көркем сөз сағаты өткізілді. Мақсаты: Абайды терең таныту, мектеп бағдарламасына енген өлеңдерін мәнерлеп оқыту, қара сөздерінен ғибрат алу, Абай атамыздың қалдырған асыл мұрасын ой-санасына жеткізу, оқушылардың ойлау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту, шығармалары арқылы Отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Шара барысында кітапхана қызметкері төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тағылымы мол тарихы, қазақ халқының рухани қазынасындағы ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы-қазақтың асыл қазынасы екендігін айтып жеткізді. Қатысушылар Абай өлеңдерінен бір-бір жолдан үзінді оқып, оны жалғастырып айтып, әрі қарай мәнерлеп оқудан жарысты.

Қорытындыда ұлы адамдардың Абай туралы айтқан нақыл сөздерін келтіріп, алған мәліметтері бойынша кластер құрады. Сынып сағатының соңында оқушылар Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін орындады.

18 қазан күні сағат 10:00 де №2 мектеп кітапханасының оқу залында 1-4 сынып аралығында **«Менің Отаным - Қазақстан»** атты сүрет сайысы ұйымдастырылды. Ұйымдастыру барысында 18 оқушы ұсыныс білдірдіп сайысқа 53 оқушы қатысты.

Мақсаты: Сайыстың басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында патриоттық және Отанға деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, сондай-ақ, балалардың көркем шығармашылығын дамыту болып табылады.

Оқушылар суреттерінде өздерінің Отанға деген сүйіспеншілігіне және шығармашылық қиялына сүйене отырып, өз ойларын, өнерлерін парақ бетіне бейнелеуге тырысып бақты.

Сайыстың қорытындысын сүретші Жумабаев С. оқушылардың жумыстарын бағалап туған жер, атамекен, өскен орта сынды құндылықтарды арқау етіп атап көрсетіп баға берді.

Сонымен қатар 23 қазан күні мектеп фойесінде үлкен ашық кітап көрмесі және сүрет көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге сүрет сайысында қатысқан оқушылардың үздік жұмыстары қойылды.

Қараша айының 7 күні **«Ана тіліміздің қадірін біліп жүрміз бе?»** атты ақпарат сағаты өткізілді. Мақсаты: Қазақстанның мемлекеттік тіліне деген қызығушылығын арттыру, елін, жерін, өз тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Қазіргі таңда өз ана тілінде таза сөйлеу - әрбір адамның ұлттық мақтанышы, жан азығы. Өз тілін, өз ата – бабасын, өз топырағын менсінбеген ұрпақтан жақсы азамат шығады деп айтуға болмайды. Сондықтан мемлекетіміздің даму барысында ана тілінде таза, мәдениетті, дұрыс сөйлейтін ұландарды тәрбиелеудің ролі орасан зор. Ана тілін жырламаған ақын жоқ екендігі де сөз болып, ақын-жазушыларымыздың өлеңдері оқылды. Сондай-ақ «Мақал-жауап» яғни мақалдың бір жолы айтылып, оқушылар жалғасын тапты. Өзге де ұлттардың ұлы ақындары ана тілін биік ұстап арындай қастерлейтіндіктерін, сол ұлт ақындарының тіл

туралы айтқан пікірлерінде үлкен мән жатқандығы да айтылды. Мемлекеттік тіліміз, өз ана тіліміз қазақ тілінің деңгейін көтеру Қазақстан азаматтарына жүктелетін міндет екенін естен шығармауымыз керектігі жайында «Ана тілі – қуатым менің» атты әңгімеміз кеңінен қамтылды. «Ана тілім-ардағым» кітап көрмесіне шолу жасалды. Қарашаның 16 күні кітапханада «Балалар әдебиетінің інжу-маржаны» Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған ақпарат сағаты өтті.

Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру, ойларын, пікірлерін еркін айтуға, сөздік қорын молайту; оқушыларды адамгершілікке, мәдениеттілікке, әдебиетті сүйуге, жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Кітапханашы оқушыларды Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылық еңбектерімен таныстыра отырып, жазушының шығармаларының балалар үшін ерекше тартымды, мазмұнды екенін айтты.

Сағат барысында «Менің атым Қожа» повесінің желісі бойынша сұрақ-жауап ойыны жүргізіліп, слайд арқылы Б.Соқпақбаев әлеміне саяхат жасалды.

Шара соңы Бердібек мұрасы мәңгілік болып ұрпақтан – ұрпаққа өнеге болып жалғасын таба береді деген сөзбен аяқталды.

Желтоқсаның 12 күні кітапхана оқу залында «Кітапханадығы жаңа Әдебиеттер» тақырыбына ашық кітап көрме ұйымдастырлды 300 астам әдеби кітап әлемдік классика, тарихи романдар, хикаят, шытырман оқиғалар, қазақ балалар әдебиетінің озық туындыларын және әлемдік бестселлермен танысты.

22.01.2024ж. «Туристтер тарихымызға қызығады» атты тақырыпта тарихи сағат 7 сыныптар арасында өткізілді. Оқушыларға туризмнің түсінiгi, сипаттамалық нысандары, түрлері туралы мағлұмат алды.

Балалар кітапханасы аясында 15 ақпан күні кітапхана оқу залында **Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала»** атты шығармасы бойынша дөңгелек үстел өткізілді 8 сынып оқушылары өз ойларын ортаға салды, патриоттық сезім, ер жүрек, қайсар мнeз әр адамның бйында болу басты мақсат.

«Абайдың қара сөздері-тәрбиенің қайнар көзі» наурыз айы көптеген мәдени іс шара өткізлді интеллектуалды ойын, әдеби шолу, дөңгелек үстел шараның мақсаты: Абайды терең тану, қара сөздерінен ғибрат алу, асыл мұрасын ой-санасын жеткізу, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сонымен қатар сәуір айында үлкен қалалық мәдени іс шара ұйымдастырылып жоғары дәрежеде өтті. Халықаралық балалар кітап мерекесіне мектептен 3,4,6,7, сынып 51 оқушы қатысты. **«Ұлылардың үндестігі»-«Созвучие Великих»** тақырыпта Ұлы Абайдың «Қаранғы түнде тау қалғып», Лермонтовтің «Горные вершины спят во тьме ночной» және Гетенің неміс тілінде өлең жолдары оқылып 32 баладан құрылған хор ән салды. Әрі қарай кешті . 7«а» сынып оқушылары Е.Есқожаның «Соқыр ана» әңгімесі бойынша **«Жалғыз көзден шыққан жас»** көрніс көрсетіліп көрермендер үлкен ,терең ойда болды. Кештің сонында оқушылар марапаталып биік қуанышта болды.

6 мамыр күні кітапхана оқу залында **«Батыр қызымыз Әлия» туғанына 100 жыл** толуына жеңс күніне орай патриоттық сағат 8 сынып оқушыларына өткізілді батыр қыздың, ерлігі мәңгі өшпес ,әр адамның жүрегінде орын алады. **«Жеңіс күні – Ұлы күн»** кітап көрмесі ұйымдастырылып таныстырлды.

Сонымен қатар кітапханада кітап көрмелері, ақпарат сағаттары, әдеби шолулар, экскурсиялар өтуде:

- «Қазіргі электронды және аудио кітаптар» Ақпарат сағаты
- «Кітап білімнің қайнар көзі» Саяхат 1 сынып
- «Балаларды кітап оқуға баулу» Кеңес 5-8 сынып
- «Кітапхана –күн шуағы білімнің» Белсенді оқырман отырысы 5-9 сынып

Кітапханалар жұмысы жоспарға сай жұмыс жүргізілді.

Психологтардың, кәсіби бағдар беруші педагогтің жұмысы

2023 жылдың 6-қыркүйек- 17 қазан айлары арасында 1-сынып оқушыларымен өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу мақсатында

«Баспалдақ» проективті әдістемесі жүргізілді. Зерттелген сынып саны- 12, қатысқан оқушылар саны: 335, әдістеме нәтижесі бойынша төмен көрсеткіш көрсетіп, психологиялық қолдау тобына 25 оқушы алынды.

Сонымен қатар, 2-сынып оқушылары аралығында балалардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында «Ағаш» проективті әдістемесі жүргізілді. Авторы Д. Лампен. Л.П. Пономаренко бейімделуі.

Оқушылардың бейімделу процесін зерттеу және бейімделу проблемаларын анықтау.

3-сынып оқушылары арасында жоғарғы психикалық танымдық әрекеттердің жұмыс істеу деңгейін анықтау мақсатында оқушылардан 2022 жылдың желтоқсан айында психологиялық тест алынды, 3-сыныптар бойынша сынып-комплектісінен сынып-комплектісі психологиялық тесттен өтті, нәтижесі бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылар психологтың бақылауына алынып, қажеттілік деңгейінде психологтың қабылдауында болды. Тест нәтижесі бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен сыныптардың сабағына қатысып, бақылау жасалды.

2023 жылдың қараша айында 4-сынып оқушылары Н.Г.Лусканованың мектеп мотивациясын тексеруге арналған психологиялық тестінен өтті, әдістеме нәтижесі бойынша 5 оқушыда мектепке деген төмен мотивация анықталды, ол оқушылар психологтың дамыту сабағына алынды, ата-аналарына ұсыныстар, кеңестер берілді. Бұл әдістемеге 6 сынып-комплектісінен 7 сынып қатысты.

Қазан айында 5 сыныптарында Л.В. Байродованың «Оқушылардың оқу мотивацияларын зерттеу» әдістемесі жүргізілді. Зерттеуге 6 сыныптан барлығы 137 оқушы қатысты.

Жеке мотивтер – 56 оқушы

Ұжымдық мотивтер – 36 оқушы

Беделді мотивтер – 45 оқушы

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 5 сыныптардың сабағына қатысып, бақылау жасалды.

2023 жылдың қыркүйек және қазан айында 7-11 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және оқушының суицидке бейімділігін анықтау мақсатында 8-11 сыныптарда **СБА әдістемесі** (тұлғалық сауалнама), 7-сыныптарда З.Королеваның проетивті әдістемесі жүргізілді. 8-11 сыныптарда зерттелген сынып саны: 19 . Қатысқан оқушылар саны: 381 .Сауалнама қорытындысы бойынша тәуекел тобына 9 оқушы, бақылау тобына 24 оқушы алынды.

7 сыныптар бойынша проетивті әдістемеге қатысқан сынып саны 8

Әдістеме қорытындысы бойынша тәуелкел тобына 2 оқушы, бақылау тобына 12 оқушы алынды.

Сынып жетекшілерінің сұранысы бойынша сыныптармен жеке жұмыстар жүргізілді.

Кеңес жүргізу және дамыту бағыты

2023-2024 оқу жылында ПМПК қорытындысы бойынша 1 сыныптан 13 оқушы, 2 сыныптан 5, 3-сыныптан 1, 4 сыныптан 4 оқушы психологиялық дамыту сабақтарына алынды. Сонымен қатар сынып жетекшілердің ұсынысы бойынша, ата-аналардың ұсынысы бойынша, диагностика нәтижесі бойынша оқушылармен жеке кеңестер берілді, кеңес беру журналына тіркелді.

Оқушылар: 75+

Мұғалімдер: 93

Ата-аналар: 4848+

Психологиялық ағарту бағыты

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында 8-11 сыныптардың қыздары арасында жеке гигиена және ерте жүктіліктің алдын алу бойынша мектеп психологтары және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп медбикелерімен қатысуымен профилактикалық кездесу өтті.

Зорлық-зомбылықтың және полиэтникалық үйлесімді қарым-қатынас орнату мақсатында қараша айында 10 сыныптар арасында профилактикалық сабақтар өткізілді.

10-қараша күні мектеп психологы 7-сынып аралығында "Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз! Кибербуллинг,

буллингке жол жоқ!» тақырыбында алдын алу тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: Буллинг сөзінің мағынасын ашу, таныту;

Оқушылардың арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу;

Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

Тренинг барысында: Ойын, жаттығулар жасалып, психолог оқушылардың буллинг жайлы пікірлерімен алмасты. Сұрақ- жауап қойылып, көптеген кеңестер берілді.

14-қараша күні 9-10 сынып оқушыларымен "PISA-2023" ғылыми зерттеуіне психологиялық дайындау, " Өзіңе сен", " Бақылауға сеніммен барайық" тақырыбында тренинг жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларды психологиялық тұрғыда қолдау көрсету. Оқушылардың бойындағы қобалжу, қорқыныш, үрей сезімдерінің деңгейін төмендету.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу мақсатында 2023 жылдың желтоқсан айында 8 сыныптар арасында профилактикалық іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға «көңіл-күйінді көтер» атты ақпарат беретін кітапшалар таратылды.

Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтар арқылы пікір алмасты.

2023 жылдың 10 желтоқсанында 7 сынып оқушыларымен психикалық денсаулықты нығайту мақсатында "Көңіл күйінді көтеріп, қуана біл" атты психологиялық ағарту жұмысы жүргізілді. Оқушылар өздерін қызықтырып жүрген сұрақтарына жауап алып, қиын жағдайға тап болған кезде жүгінуге болатын мамандар, сенім телефоны және досына көмек беру жолдарымен танысты.

Желтоқсан айында 9-сынып оқушылар арасында «Буллинг және кибербуллинг» оның алдын алу тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді. Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың профилактикасы сондай-ақ өз-өзіне қол жұмсау факторлерін болдырмау және оқушыларды буллинг және кибербуллинг құрбаны болудан сақтандыру.

Тренинг барысында оқушыларға тақырып бойынша бейнероликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушыларды эмоциялармен таныстыру, жағымсыз эмоция кезінде өзін қалыпты күйге келтіре алатындай дағдыларды қалыптастыру мақсатында желтоқсан айында 3 «Ж» сынып оқушыларымен тренинг-сабақ өткізілді.

4 «Ғ» сынып оқушыларымен «Достық» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасында сенімді, достық қарым-қатынасты нығайту.

Педагогикалық кеңесте «Мектеп психологының диагностикалық іс-әрекеттің мазмұны» «Қиын отбасындағы бала психологиясы» тақырыбында психологтар тарапынан баяндама жасалды, хаттамаға толтырылды.

Желтоқсан айында 8-сынып оқушылар арасында зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың профилактикасы сондай-ақ өз-өзіне қол жұмсау факторлерін болдырмау және оқушыларды буллинг және кибербуллинг құрбаны болудан сақтандыру, ұйымшылдық пен тәрбиенің тиімді жолдарын таба білу баулу мақсатында «Буллинг және кибербуллинг, оның алдын алу» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушыларға тақырып бойынша бейнероликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қаңтар айында 8-9 сынып оқушыларымен мектеп психологы Байбориева Улжан Арипхановна Жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің алдын алу тақырыбында профилактикалық іш-шара жүргізілді. Мектеп психологы оқушыларға дәріс оқып, сұрақ жауап алмасып, оқушылармен бірге жан-жақты талданды. Іс-шара соңында Мен өмірді сүйемін таратпа материалдары таратылды.

Қаңтар айында 8,9 сыныптар арасында «Джон Голландтың кәсіби бағытты анықтау» бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 8-сынып бойынша 75-оқушы қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша. Реалистік тип-14, Интеллектуалдық тип-10, Әлеуметтік тип-21, Конвенциялық тип-9 Тапқыр тип-21, Әртістік тип-9.

9-сыныптар арасында сауалнамаға қатысқан оқушылар саны: 123 оқушы.

Сауалнама қорытындысы бойынша: Реалистік тип-5, Интеллектуалдық тип-18, Әлеуметтік тип-45, Конвенциялық тип-30, Тапқыр тип-29, Әртістік тип-20.

Сонымен қатар қаңтар айында 10-11 сыныптар арасында Е.А Климовтың дифференциалды-диагностика бойынша сауалнама жүргізілді.

10-сыныптар арасында сауалнамаға қатысқан оқушылар саны: 38 оқушы.

Сауалнама қорытындысы бойынша: Адам-табиғат-3, Адам-техника-4, Адам-адам-19, Адам белгілеу жүйесі-3, Адам көркем бейне-17.

11-сынып қатысқан оқушылар саны: 38 оқушы. Сауалнама қорытындысы бойынша: Адам-табиғат-4, Адам-техника-9, Адам-адам-15, Адам белгілеу жүйесі-9, Адам көркем бейне-13.

Ақпан айында 8-11 сынып оқушылар арасында Кәмілетке толмаған жасөспірімдердің жыныстық қол сұғушылық тақырыбында іс-шара жүргізілді. Іс-шараға қатысқан оқушылар саны: 116 оқушы.

Ақпан айының 22-күні 5-6 сынып оқушыларымен «Досболlike» акция аясында оқулардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалды әл-ауқатын дамыту мақсатында Достық татулықтан басталады тақырыбында тренинг өткізілді.

Наурыз айының 11-күні 10-сыныптар арасында «Стреспен күресу әдістері» тақырыбында тернинг жүргізілді.

Сонымен қатар наурыз айында 9, 11-сынып оқушыларымен емтиханға дайындау. «Өзіңе сен, бақылауға сеніммен барайық» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Сәуір айында 7-сынып оқушыларымен «Сезім және эмоциялар» тақырыбында тренинг жүргізілді. Сонымен қатар сәуір айларында 11-сынып оқушылар арасында мамандық тандау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны: 35 оқушы. Сәуір айында 9-сынып оқушылар арасында емтиханға дайындық «Сенім менің серігім» атты тренинг сабақтар жүргізілді.

Мамыр айында 9-сынып оқушыларымен Болашаққа жоспар тақырыбы бойынша беседа жүргізіліп өтті. Мамыр айында 11-сыныптар арасында Барлығы сенің қолыңда тақырыбында тренинг жүргізілді. Қатысқан оқушылар саны 39 оқушы.

Жыл бойы педагог психологтар біліктілігін көтеру, өзара тәжірибе алмасу мақсаттарында онлайн, оффлайн семинар, вебинарларға қатысып отырды.


Әлеуметтік педагогтың жұмысы


2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:



I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы


2023-2024 оқу жылында атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс оқу-тәрбие жоспарына сай жүргізілді. Оқу жылында оқушылар әлеуметтік санаттары 2-суретте көрсетілген сандық көрсеткіштерге сәйкес болды (1-сурет).





1-сурет. 2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушылардың сандық көрсеткіші (2022-2023 оқу жылымен салыстырмалы талдау)

Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың орташа өсу динамикасы 2022-2023 оқу жылымен салыстырмалы түрде жасалынды. Мектебіміздегі көпбалалы отбасынан шыққан оқушылардың өсу динамикасының жоғарғы көрсеткіші ықшам ауданымызға жаңадан қоныс аударушылардың көптігіне байланысты.



1-сурет. Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың орташа өсу динамикасы

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар

жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.


Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны – 7. Оқу жылында жетім және АҚҚ оқушылардың жәрдемақыларының мақсатты жұмсалуды, мүлкінің сақталуы бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылардың барлығы үй кезегіне қойылған. «29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың қамқоршыларына қолдау көрсетілді.

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді(3-сурет).



2022-2023 оқу жылында жалпыға бірдей білім қорынан 1 сынып және әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан 770 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Арендатор есебінен 20 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 2023-2024 оқу жылында ЖББҚ ыстық тамақпен 1-4 сынып және әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан 1346 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Арендатор есебінен 30 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 2022 -2023 оқу жылы барысында ЖББҚ ыстық тамақпен қамтылған оқушы санынан 2023-2024 оқу жылы барысында 576 оқушыға артты(4-сурет).





2023-2024 оқу
жылында 1326
оқушы ыстық
тамақпен
қамтылды

4-сурет. ЖББҚ ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың көрсеткіштері

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей: Мектепішілік есепте тұрғандар – 9.

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 3.

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қайырымдылық - жүректен» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жиналған қаражат екі отбасына қаржылай қолдау көрсетуге жұмсалды.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды. Жетім және ААҚҚ оқушылардың алты ай сайынға есебі білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық бөліміне уақытылы тапсырылды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

Өткен оқу жылында жалпыға бірдей білім беру қорынан 30 оқушы «Чайка» қала сыртындағы лагерьмен қамтылса, биылғы оқу жылында 40 оқушы қала сыртындағы лагерьмен қамтылады деп күтілуде.

S Күшті жақтары

Қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушыларға қаржылай көмектің ұйымдастырылуы
Әлеуметтік педагогтің тәжірибесін тарату мақсатында аудандық және облыстық семинарларға қатысу.

W Әлсіз жақтар

Ата-аналармен байланыстың әлсіздігі.
Оқушылардың сабақты себепсіз босатуы жиілігі

O Мүмкіндіктері

Оқушыларға бір реттік қаржылай көмек алу жұмыстарының жүйелілігі.

5-сурет. 2023-2024 жылы атқарылған жұмыстарға SWOT талдау

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке не анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

81 ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

